

"Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 сәуірдегі N 369 қаулысы

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының индикативтік жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспары;

2) "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын дамытудың 2003 жылға арналған аса маңызды көрсеткіштері бекітілсін.

2. "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын дамытудың 2001-2005 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 5 желтоқсандағы N 1570 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ.Мәсімовке жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 18 сәуірдегі

N 369 қаулысымен

бекітілген

"Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын дамытудың 2003-2005 жылдарға арналған жоспары

1. Кәсіпорынның өндірістік-қаржылық қызметінің жай-күйі

1.1. Кәсіпорынның жалпы сипаттамасы

1.1.1. Миссиясы

Халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес әуе кемелеріне және жолаушыларға үлгілі, қауіпсіз және тұрақты қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.

1.1.2. Құқықтық мәртебесі

"Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын (бұдан әрі - "АХӘ" ЖАҚ) құрудың құқықтық негізі "Астана халықаралық әуежайы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 қыркүйектегі N 1062 қаулысы болып табылады, оған сәйкес 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап жарғылық капиталда мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен "Астана халықаралық әуежайы" РМК (одан әрі - "АХӘ" РМК) "АХӘ" ЖАҚ болып қайта құрылды. Кәсіпорынның қызметі мынадай негізгі кесімдерді б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы :

1. "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 ш і л д е д е г і З а ң ы ;

2. "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 ш і л д е д е г і З а ң ы ;

3. "Уақытша сызба бойынша Қазақстан Республикасының әуежайларында халықаралық авиатасымалдарды ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 23 тамыздағы N 1170 қаулысы ;

4. 1999 жылғы 30 маусымдағы N 182 Әуежайлық қызметке арналған мемлекеттік лицензия.

1.1.3. Техникалық сипаттама

1	Қаладан қашықтығы	16 км
2	Мемлекеттік басқару органы	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі
3	Әуежайдың географиялық	51 ° 01' 37" С.Е. к о о р д и н а т т а р ы
4	Есептік температура	20,7 ° С
5	Әуежай коды	4 E
6	Ұшу-қону өлшемдері	жолағының (ҰҚЖ) 3500 x 45
7	ҰҚЖ бағыты	04/22
8	ҰҚЖ жамылғысы	асфальт бетон
9	PCN (жамылғының беріктігі)	55/F/C/W/T
10	Рульдеу жолы (РЖ)	РЖ-1, РЖ-3 - цемент бетон РЖ-2 - асфальт бетон
11	Перронның ауданы	75 712 м ²

12	Жүк залы		Ж о қ
13	Авариялық қызмет санаты		7
14	Өрт машиналары		3
15	Авариялық-өртке қарсы пункті	1 438 м	2

1.1.4. Персонал және басқарудың ұйымдастырушылық құрылымы

Санаттар бойынша еңбек ресурстарының құрамы

Санаттар	2002 ж.	Жалпы санға %-бен
Жұмысшылар	450	56
Қызметкерлер	350	44
Басшылар	50	6
Мамандар	205	26
Өзгелер	95	12
Барлығы		800

Көп жағдайларда стандарттық басқару шешімдерін талап ететін азаматтық авиация саласының жай-күйін ескере отырып, әуежайдың өлшемі және оның қызметін әртараптандырудың жоқтығы, әуежайды басқару құрылымы функционалдық негізде құрылған. Ұшу қауіпсіздігі факторының маңыздылығын ескерумен және әуежайдың келісімді қызметін қамтамасыз ету үшін кәсіпорынның үш негізгі функционалдық бөлімі: қаржы, өндіріс (әуе кемелеріне және жолаушыларға қызмет көрсету) және маркетинг (авиакомпанияларды тарту және жұртшылықпен байланыс) арасындағы тікелей өзара іс-қимыл бас директордың орынбасарлары деңгейінде жүзеге асырылады. Бүкіл кәсіпорын бойынша басқарудың орташа нормасы 24 жұмыскерге тең.

Нарық талаптары мен шарттарының өзгерумен қазіргі уақытта әуежайды басқарудың дивизионалды құрылымына өтудің мүмкіншілігі қаралуда. Осы құрылым әуежай қызметін әуежайдың бар қызметтерінің (ішкі шаруашылық есеп айырысуға ауыстыру) және үйлестірушілік функцияларды жүзеге асыратын қолдау дивизиондарының базасында бизнес-бірліктер құру негізінде болжайды. Еңбек өнімділігі мен тиімділігін арттыру осы құрылымның мақсаты болып табылады. Әрбір қызметтің (бизнес-бірліктің) өзінің шығыстарын оңтайландыруға ұмтылуы жиынтығында кәсіпорын қызметінің нәтижелеріне жағымды болады. Қызметтер арасында орнатылған өзара тығыз байланыстар жүйесіне және қазіргі уақытта әрбір қызметтің кірістерін бөлу әдістемесінің жоқтығына байланысты өту біртіндеп жүретін болады.

Рыноктың даму үрдісін және авиациялық бизнеске қатысушылардың қызмет

тәжірибесін ескере отырып (Ресей авиакәсіпорындарын мысалға алғанда), болжанып отырған басқарудың дивизиональды құрылымына толық көшу 2004 жылы жүзеге асырылады.

1.2. Кәсіпорынның 1998-2002 жылдардағы өндірістік-қаржылық қызметінің жай-күйі

1.2.1. Өндірістік қызмет

1998-2002 жылдарға әуежайдың өндірістік қызметінің даму үрдісі әуежай арқылы қозғалыс көлемінің екі негізгі көрсеткішінің негізінде қаралған: рейстер мен жолаушыларды жөнелту саны.

Көрсеткіштер атауы	1998 ж.	1999 ж.	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.
	(б а ғ а л а у)				
Жөнелтілген рейстер	3 711	3 674	4 014	4 431	4 962
өткен жылға %-бен	141	99	109	110	112
Жөнелтілген жолаушылар	112 420	106 229	118 412	143 345	155 853
өткен жылға %-бен	172	95	112	121	109

1) Рейстерді жөнелту саны

Әуежайдан рейстерді жөнелтуді дамыту үрдісі 1998 жылы 41%-ға өсумен, өткен жыл деңгейімен салыстырғанда 1999 жылы авиатасымалдар көлемінің шамалы төмендеуімен және 2000-2002 жылдары бір қалыпты өсумен сипатталады.

2002 жылға авиатасымалдардың болжанған көлемі 1998 жылдың деңгейінен 34%-ға асып отыр. 1998 жылы авиатасымалдардың орташа тәуліктік көлемі 10 рейс құрды, 2002 жылы - 14 рейс болжанып отыр.

2) Жолаушылар ағыны

Жөнелтілген жолаушылар санының көрсеткіші бойынша қозғалыс көлемі де 1998 жылы айтарлықтай өсумен (71%-ға), 1999 жылы шамалы төмендеуімен (5%-ға) және 2000-2002 жылдары әрі қарай өсумен сипатталады. 2002 жылы әуежайдан кететін жолаушылардың күтілетін саны 1998 жылдың көрсеткішінен 39%-ға асып отыр, бұл рейс жөнелтімдерінің көрсеткішіне ұқсас.

Әуежайдан орташа тәуліктік жолаушылар ағыны 1998 жылы 308 жолаушыны құрды және 2002 жылы 427 жолаушы санын болжап отыр.

Өткен жылмен салыстырғанда 1998-2002 жылдардағы тасымалдар дамуының үрдісі нақты үш кезеңге бөлінеді.

Біріншісіне, 1998 жылғы авиатасымалдар көлемінің серпілу үрдісі тән, бұл Қазақстан Республикасының елордасын Астана қаласына көшіруге байланысты (өсу 1997 жылмен салыстырғанда рейстерді жөнелту бойынша 41% және жолаушы ағыны бойынша 72% құрған).

Тиісінше екінші кезең, 1999 жылы көрсетілген себеппен және көршілес мемлекеттердің қаржы жүйесіндегі дағдарысымен байланысты әуежай арқылы қозғалыс көлемінің төмендеуімен сипатталады.

2000 жылдан бастап Қазақстанның барлық ірі қалаларының елордамен байланысын қамтамасыз ету үшін ішкі әуе желілерінің тармағын кеңейтуден, экономикалық өсудің арқасында, аймақ рыногының инфрақұрылымы кеңейуден, сонымен бірге бар бағыттардағы рейс жиілігі арттырылудан және жаңа маршруттар ашылудан және де маңызды жағдай, рейстердің жолаушылармен барынша толуынан әуежай арқылы авиатасымалдардың бір қалыпты өсуі байқалады.

1.2.2. Қаржылық көрсеткіштер

млн. теңге

	1998 ж.	1999 ж.	2000 ж.	2001 ж.	2002 ж.
Кірістер	773	803	1253	1329	1448
алдыңғы жылға %		103,8	156	106,0	109,0
Шығыстар	760	935	1541	1755	1635
алдыңғы жылға %		123,0	164,8	113,8	93,2

1) К і р і с т е р

Әуежайдағы жұмыстар көлемі өсуінің жалпы оң серпіні кірістер деңгейі үрдісінің сипатында да байқалды.

2002 жылға кәсіпорынның болжанып отырған кірістері 1998 жылғы көлемнен 675 млн. теңгеге (87%) асып отыр. Әуежайдың жиынтық кірістерінің едәуір бөлігін негізгі қызмет түрлерінен түскен кірістер құрайды, олардың үлесі 90% астамды құрып отыр. Әуежай арқылы қозғалыс көлемінің ұлғаюынан басқа әуежай кірістерінің өсуінің маңызды себебі әуежайдың шығыстары мен кірістерінде де болатын авиациялық отынды сату көлемінің және құнының өсуі болып табылады.

Әуежайдың жалпы кірістерінде авиациялық жанар-жағармай материалдар (бұдан әрі - авиаЖЖМ) құнының үлесі 1998 жылы 19% құрды, ал 2002 жылы - 31%. Авиациялық отын тоннасының орташа бағасы 1998 жылы 195 АҚШ долларын, 2002 жылы 300 АҚШ долларын құрады.

2) Ш ы ғ ы с т а р

Әуежай шығыстарының көрсеткіші бойынша сондай-ақ олардың өсу серпіні байқалады. Кәсіпорынның 1998-2002 жылдардағы шығыстары 875 млн. теңгеге (115%) өсіп отыр. Өсуі әуе кемелеріне құйылатын отын көлемінің және оған деген бағаның өсуінен кірістерге балама жиынтық шығыстарда едәуір үлесті (1998 ж. - 19%, 2002 ж. - 27%) авиациялық отын құрайды.

Осы кезеңдегі шығыстар көлемі ұлғаюының өзге де факторлары:

- әуежайдың қайта жаңартылған және жаңа объектілерін теңгерімге қабылдауға байланысты 1998 жылы 26 млн. теңгеден 278 млн. теңгеге (1200%), 2002 жылы 304 млн. теңгеге дейін амортизациялық аударымдар мөлшерінің көбеюі болып табылады.

1998-2000 жылдары жасанды ұшу-қону жолағы (бұдан әрі - ЖҰҚЖ) қайта жаңартылды күшейтілді және 3500 метрге дейін ұзартылды, VIP ғимараты салынды және жолаушылар аэровокзалы қайта жаңартылды.

Республикалық бюджет 40 млн. АҚШ доллары сомасындағы ЖҰҚЖ қайта жаңарту және VIP ғимаратын салу жөніндегі жұмыстарды қаржыландырудың көзі болып табылады.

"Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту мен салу жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 маусымдағы N 610 қаулысына сәйкес кәсіпорынның Жарғылық капиталына ұшу-қону жолағы мен VIP ғимаратының құны енгізілген, оның нәтижесінде кәсіпорынның Жарғылық капиталы 3,1 млрд. теңгеге дейін өсті.

Аэровокзал ғимаратын қайта жаңарту үшін 9% жылдық сыйақымен 14 млн. АҚШ доллары сомасындағы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және 2,5 млн. АҚШ доллары сомасындағы "Астана-Финанс" ААҚ кредиттері бағытталған.

"Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жарғылық капиталын көбейту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 қарашадағы N 1402 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кредит және ол жөнінде есептелген сыйақы сомасы кәсіпорынның Жарғылық капиталына енгізілді. Нәтижесінде, кәсіпорынның Жарғылық капиталы 5,56 млрд. теңгені құрады.

"Астана халықаралық әуежайы" РМК-ның жарғылық капиталы (млн. теңге)

	01.01.01 жыл	01.07.01 жыл	01.01.02 жыл
Жарғылық капитал	7,0	3134,8	5560,4

- кәсіпорынның теңгеріміне қайта жаңартылған және салынған объектілерді (ЖҰҚЖ, VIP ғимараты) қабылдауға байланысты 1998 жылы 4 млн. теңгеден 2002 жылы 48 млн. теңгеге дейін 44 млн. теңгеге (1240%) мүлікке салықтың көбеюі;

- аэровокзал пайдалануға берілгендіктен және пеш отынына бағаның едәуір өсумен 1998 жылы 28 млн. теңгеден 2002 жылы 52 млн. теңгеге дейін коммуналдық қызмет көрсетулерге шығыстардың 100% өсуі.

"Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 4-тармағына сәйкес кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте тендер негізінде материалдық, қаржылық ресурстардың және жабдықтың сатып алынуын жүзеге асырады.

3) Қ а р ж ы л ы қ н ә т и ж е

Жоғарыда аталған себептер бойынша шығыстар көлемі деңгейінің өсуімен, қаралып отырған кезеңге әуежай қызметінің қаржылық нәтижелер кірістерінің өсу деңгейінен асуының нәтижесінде теріс үрдіспен сипатталады. 1998 жылы кәсіпорынның таза кірісі 8,4 млн. теңгені құрды, 2002 жылы шығындар 187 млн. теңге сомасында болжанып отыр.

1.3. 2000-2001 жылдардағы өндірістік-қаржылық дамуды талдау

1.3.1. Өндірістік көрсеткіштер

2000-2001 жылдардағы кәсіпорын қызметінің нәтижелері бойынша өндірістік көрсеткіштер өсу үрдісімен сипатталады. Мәселен, өткен жылмен салыстырғанда, жөнелтілген рейстер көрсеткіші бойынша авиатасымалдар көлемінің өсуі 2000 жылы 9% және 2001 жылы 10% құрды. Жөнелтілген рейстер саны 11% өсті және 4 014 рейсті құрады, жөнелтілген жолаушылар саны тиісінше 11% және 21% өсті.

Әуежай арқылы авиатасымалдардың орташа тәуліктік көлемі 2000 жылы 11 рейс және 329 жолаушымен және 2001 жылы 12 рейс және 398 жолаушымен сипатталады.

2000 жылы Астана әуежайы арқылы авиатасымалдар көлемінің өсуі ішкі әуе желілері бойынша қозғалыс көлемінің айтарлықтай өсуіне себеп болған Қазақстанның барлық ірі қалаларының елордамен байланысын қамтамасыз ету үшін ішкі әуе желілерінің тармағын кеңейтуден. Мысалы, әуежайдың көктемгі-жазғы навигация кезеңінде Қазақстанның 17 бағыты бойынша авиатасымалдар жүргізілген.

Аймақ рыногы инфрақұрылымының кеңейтілуі, бар маршруттардағы рейс жиілігін арттыру және жаңа маршруттарды ашу және де маңызды жағдай рейстердің жолаушылармен барынша толуы 2001 жылы авиатасымалдар көлемінің үрдісіне себеп болған негізгі факторлар болып табылады. Рейстің орташа толуы 2000 жылы 29 жолаушыны, 2001 жылы 32 жолаушыны құрады.

1.3.2. Әуежай арқылы ұшулардың тұрақтылығы

Жөнелтілген жолаушылардың жалпы көлемінде ішкі әуе тасымалдар 72%, ТМД елдері бойынша тасымалдар - 13% және алыс шет елдері бойынша - 15% құрды.

Ұшулар тұрақтылығының көрсеткіші (жөнелтілген рейстердің жалпы көлемінде тұрақты рейстердің үлесі) 2001 жылы 69% (2000 жылы - 63%) құрды. Тұрақты рейстермен барлық жолаушылар ағынының 89% тасымалданған.

Әуежай арқылы жүргізілетін авиатасымалдар рыногының 27%-ын құрайтын тұрақсыз рейстердің құрылымындағы жолаушылар ағынының үлкен бөлігінде алыс шетелдер мен ТМД елдеріне қызмет көрсетіледі, ол 69% құрайды.

1.3.3. Қаржылық көрсеткіштер

2000-2001 жылдары әуежайдың қаржы-экономикалық жағдайы өткен жылдың деңгейімен салыстырғанда 2000 жылы 450 млн. теңгеге (58%) және 2001 жылы 76 млн. теңгеге (6%) кіріс көлемінің өсуімен сипатталады. Кіріс өсуіне әсер еткен факторлар:

- 1) әуежай арқылы жүргізілетін авиатасымалдар көлемінің өсуі;

2) әуежайдың шығыстарына да, кірістеріне де ықпал ететін авиация отыны бағасының өсуі (авиация отынының 1 тоннасына баға 2000 жылы - \$300, 1999 жылы - \$217, 1998 жылы - \$195) болып табылды.

2001 жылы кірістің өсу деңгейінің төмендеу үрдісі құны кәсіпорынның шығыстарына да, кірістеріне де ықпал ететін әуежай сатып алатын авиация отыны көлемінің төмендеуінен болып отыр.

"Әір Қазақстан" ЖАҚ әуе кемелеріне құйылған авиациялық отынының барлық көлемін әуежай ұсынуына байланысты 2000 жылғы әуежай сатып алатын авиациялық отынның көлемі әуе кемелеріне құйылған отынның жалпы көлемінің 74% құрды. 2001 жылы құйылған авиаЖЖМ жалпы көлемі 16%-ға өсу кезінде әуе кемелеріне құйылған әуежай авиаЖЖМ үлесі 48%-ға дейін төмендеді, өйткені, көрсетілген кезеңде осы авиакомпания өз рейстеріне өзінің меншікті авиация отынын құяды. Бұның нәтижесінде әуежай кірістерінде авиаЖЖМ құны 19% төмендеді (102 млн. теңге), ал әуежай кірістері авиаЖЖМ құнын есептемегенде 26% өсті.

Әуежай шығындарының 2000 жылы 65% және 2001 жылы 14% бір уақытта өсуі ең б а с т ы с ы :

1) кәсіпорынның теңгеріміне қайта жаңартылған және салынған объектілерді (VIP ғимараты, ұшу-қону жолағы) қабылдауға байланысты 2000 жылы 17,5 млн. теңгеге (144%) мүлікке салықтың көбеюінен;

2) кәсіпорын теңгеріміне аэровокзалдың қайта жаңартылған ғимаратын қабылдаумен, сондай-ақ әуежайдың 2000 жылғы қызметін аудиторлық тексерудің қорытындысына сәйкес негізгі құралдарды амортизациялау нормалары жоғары болғандықтан 2000 жылы 88.6 млн. теңгеге (120%) және 2001 жылы 90 млн. теңгеге (56%) жоғарыда көрсетілген объектілерді пайдалануға енгізуге байланысты амортизациялық аударулардың өсуінен. Мәселен, амортизацияның орташа нормасының көрсеткіші 7-9 % құрды (өткен кезеңде - 3 %);

3) аэровокзал ғимаратын қайта жаңартуға бағытталған Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 9% жылдық сыйақымен 14 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі несиесі үшін (34 миллион теңгеге, 2000 жылы 22%) сыйақы жөнінде шығындардың өсуінен;

4) жоғарыда көрсетілген сатып алынған отынның бағасы мен көлемінің өсуіне (60%) байланысты 2000 жылы 334,8 миллион теңгеге (76%) авиаЖЖМ сатып алу жөніндегі шығындардың өсуінен. 2001 жылы әуежайдың пайдаланатын авиаотыны көлемінің кемуі себепті кірістердің азаюы үрдісіне сәйкес авиаЖЖМ құнына шығыстардың азаюы 2000 жылмен салыстырғанда 15% құрады.

5) пеш отынына бағаның едәуір өсуіне байланысты коммуналдық қызмет көрсетулерге шығыстардың 10%-ға өсуінен. Тек жылуға деген шығыстар 52%-ға өсті. Пеш отынының 1 тоннасына орташа баға (тендер бойынша сатып алудың бағасы) 2000 жылы \$175, 2001 жылдың I-тоқсанында - \$290 және 2001 жылдың IV тоқсанында -

§ 1 8 0

к ұ р д ы ;

б) ұшу-қону кешенінің жерлерін елді мекен жерлеріне жатқызу себебінен 2000-2001 жылдарға салық қосымша есептелгенінен 2000 жылы 10,5 миллион теңгеден 2001 жылы 121 миллион теңгеге дейін жерге-салық бойынша шығыстардың өсуіне (100,4 млн. теңгеге).

Кіріс пен шығыс көлемінің үрдістерін белгілейтін көрсетілген факторлардың салдарынан шығындар 2000 жылы 289 млн. теңге және 2001 жылы 426 млн. теңгені құрды.

1.4. 2002 жылға кәсіпорынның өндірістік-қаржылық қызметінің болжамы

1.4.1. Өндірістік қызмет

1) Жөнелтілген рейстер

2002 жылы рейс жөнелтімінің күтілетін көлемі 4 962 рейсті құрайды, бұл өткен кезеңнің көрсеткішінен 12% асып отыр. Әуежай арқылы авиатасымалдар көлемі өсуінің жоспарланған деңгейі мынадай факторларға негізделіп отыр:

- Boeing және Airbus Industrie компанияларының болжауларына сәйкес әуе тасымалдарының көлемі өсуінің орташа әлемдік деңгейі 2002 жылы 6% құрады;

- Қазақстандағы экономикалық өсудің байқалған үрдісі (ІЖӨ өсуі - 7 %);

- аймақ рыногы инфрақұрылымының кеңейтілуі.

2) Жөнелтілген жолаушылар

Рейстің болжанған орташа толтырымы (ерекше маңызды ұшуларды есептемегенде) бір рейске 32 жолаушы деңгейінде күтілуде. 1-қосымшада көрсетілгендей 2002 жылға жолаушылардың болжанған саны 155 853 адамды құрайды, бұл өткен кезеңнің деңгейінен 8,7%-ға асып отыр. Жөнелтілген жолаушылардың жалпы көлемінде бағыттар бойынша жолаушылар тасымалы рыноктарының үлесі ішкі желілер үшін 77 % және халықаралық тасымалдар үшін 23% құрайды.

1.4.2. Қаржы-экономикалық даму көрсеткіштері

1) К і р і с т е р

2-қосымшада көрсетілгендей 2002 жылы кәсіпорынның жиынтық кірістері 1,4 миллиард теңге сомасында болжанып отыр, бұл өткен кезеңнің деңгейінен 97 млн. теңгеге жоғары. Рейс жөнелтімдерінің көрсеткіші бойынша 12% мөлшерінде күтілетін әуежай арқылы авиатасымалдар көлемінің өсуі осы үрдістің негізгі факторы болып т а б ы л а д ы .

Монополияға қарсы заңнаманың қолданылып жүрген нормативтік құқықтық кесімдеріне сәйкес әуежай кірістерін реттелетін және реттелмейтін қызмет көрсетулерден түсетін кірістерге бөлуге болады. Мемлекетпен реттелетін қызмет көрсетулер үшін алымдар мен тарифтердің ставкаларын Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Баға және монополияға қарсы саясат комитеті 1997 жылы белгілеген. Кірістердің осы тобы кәсіпорынның тауарлардың құнысыз операциялық кірістердің жалпы сомасының 70%-

Монополияға қарсы заңнаманың талаптарына сәйкес кәсіпорын әуежай қызметіне жатпайтын қызметті көрсете алмайды, бұған байланысты болжанып отырған кезеңге осы жоспарда әуежайлық емес қызмет көрсетулерден кірістердің кеңейтілуі және тиісінше өсуі көзделмеген. Үй-жай жалдау, қонақ үйдің қызметтері, медициналық қызметтер және қоғамдық тамақтандыру кешенінің (мейрамхана, бар, асхана) қызметтері сияқты бірқатар қызметтер әуежай қызметтерінің негізгі түрлерін ұсынуда ажырамас бөлігі болатындықтан, әуежайдың 2002 жылға арналған жоспарлы кірістерінің жалпы көлемінің 7%-на жуық әуежайлық емес қызметтен түсетін қызметтерге келеді. Халықаралық тәжірибеде кірістердің маңызды көзі болып табылатын қызметтің осы түрі көптеген әуежайларға қойылған қатаң бәсеке және осы мақсат үшін бірқатар одақ құратын шетелдік авиакомпаниялар талаптарының өздерінің негізгі қызметтеріне бағалардың өсуін ұстауға және де оны төмендетуге мүмкіндік б е р е д і .

Сонымен, кәсіпорынның монополияға қарсы заңнаманың талаптарын өзгерту жөніндегі қолданылатын шараларды іске асыру жағдайында кірістердің көрсетілген көлемін арттыруға мүмкіндігі бар.

2) Ш ы ғ ы с т а р

Жоспардың 2-қосымшасына сәйкес 2002 жылға арналған әуежайдың жиынтық шығыстары 119 млн. теңгеге (7%) төмендеу үрдісімен сипатталады және 1,6 миллиард теңгені құрайды. Қаржылық нәтиже 240 млн. теңгеге кәсіпорын шығындарының төмендеуімен сипатталады және 187 млн. теңге сомасында болжанып отыр.

Жиынтық шығысты белгілейтін негізгі баптар:

- Салықтар бойынша шығыстар 107 млн. теңгеге (66%) қысқартылды және шығыстардың жалпы сомасынан 3%-ын құрайды. Үрдіс 2001 жылы жер салығын 111 млн. теңге сомасында 2000-2001 жылдарға қосымша есептелуден ұшу-қону кешеніндегі жерді елді мекендер жеріне жатқызу себебінен туып отыр. 2002 жылы салық заңнамасына сәйкес әуеайлақтар орналасқан жерлер елді мекеннен тыс орналасқан жерлерге теңдестіріледі. Сонымен қатар салық ставкасын жергілікті өкілдік органы 50%-ға дейін төмендетті, осыған байланысты 2002 жылы жер салығы жөніндегі шығыстар 116 млн. теңгеге (95%) азаяды және 5,7 млн. теңгені құрайды. Осыған қарсы, кәсіпорын теңгеріміне аэровокзалдың қайта жаңартылған ғимаратын қабылдауға байланысты мүлікке салық 8 млн. теңгеден (21%) 48 млн. теңгеге дейін өседі.

- Амортизациялық аударулар. Амортизациялық аударулар тең өлшемді есептеу әдісімен жасалады. 2002 жылы амортизациялық шығындар 304 миллион теңге сомасында болжанып отыр, бұл 2001 жылдың сомасынан 52 миллион теңгеге (21%) артық. Нәтижесінде, әуежай жиынтық шығыстарының сомасынан негізгі құралдардың тозу сомасының 19%-ын құрайды. Осы үрдіс, ең бастысы, кәсіпорын теңгеріміне аэровокзалдың қайта жаңартылған ғимаратын қабылдауына негізделген.

1	Авиациялық қауіпсіздік кешені үшін жабдық	2 082
2	Отынмен қамтамасыз ету үшін жабдық пен құрылыс	1 350
3	Авариялық құтқарушылық қамтамасыз ету үшін жа б д ы қ т а р	5 680
4	Арнайы көлік кешені үшін автокөлік	25 726
5	ӘК техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету ү ш і н а р н а й ы а в т о к ө л і к	31 307
6	ҰҚЖ қайта жаңарту	44 139
7	Жолаушыларға қызмет көрсету үшін компьютерлік т е х н и к а	1 581
8	Қосалқы мақсаттағы объектілердің жабдықтары м е н т е х н и к а с ы	6 402
		1 1 8 2 6 7

2. Кәсіпорынның 2003-2005 жылдарға арналған даму жоспары

2.1. Өндірістік көрсеткіштер

Көрсеткіштердің атауы	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.
Жөнелтілген рейс	5 458	7 047	7 752
% түрінде өткен жылға	110	129	110
Жөнелтілген жолаушылар	178 560	192 845	212 129
% түрінде өткен жылға	115	108	110

Әуежай арқылы авиатасымалдардың жалпы көлемі өсуін жоспарланған деңгейі ең негізінен Boeing және Airbus Industrie компанияларының болжауларында негізделген, оған сәйкес әуе тасымалдарының көлемі өсуінің орташа әлемдік деңгейі қаралып отырған кезеңде және 2002 жылы Қазақстан Республикасының авиакомпаниялары қызметінің көрсеткіштерінде рейс 6 % құрайды.

2003-2005 жылдары рейс жөнелтімінің жоспарланған көлемі 5 458 рейс құрайды, бұл 2002 жылдан 10 %-ға артық.

2004 жылы - 7 047 рейс болып, 2002 жылдың көрсеткішін 29%-ға асыратын (1589 рейс) рейс жөнелтімдерінің саны бойынша жоспарланған көрсеткішке қол жеткізу 2004 жылдан бастап Оңтүстік Кореяның "Korean Air" авиакомпаниясын тарту шартында және 2005 жылы 10%-ға әуежай арқылы ол авиатасымалдарын жалғастыруда әрі қарай бір қалыптағы өсу қамтамасыз етіледі. Әуежайдан ұшуларды орындайтын әуе кемелерінің ең жоғары ұшу салмағы қазіргі уақытта орташа есеппен 50 тонна құрайды,

ал, Оңтүстік Корея авиакомпаниясының жүк әуе кемелерінің ең жоғары ұшу салмағы 377 тонна құрайды. Нәтижесінде, 1-қосымшада көрсетілгендей әуе кемелерінің ең жоғары әуе салмағының көрсеткіші бойынша авиатасымалдар көлемі 2004 жылы 2002 жылмен салыстырғанда үш есе және 2005 жылына 4 %-ға өседі.

Өткен кезеңдерде байқалған бар маршруттарда ұшулардың жиілігінің теңдес өзгертілуі және халықаралық және ішкі бағыттар бойынша жаңа маршруттар ашылу үрдісіне негізделе отырып, сондай-ақ "Korean Air" авиакомпаниясының транзиттік жүк рейстерін тарту шартында әуежай арқылы қозғалыс көлемінің негізгі үлесі (71%) халықаралық әуе желілеріне болжанып отыр.

2003-2005 жылдары рейстің жолаушылармен орташа толтырымы өткен кезеңдердің деңгейіне болжанып отыр (бір рейске 32 жолаушы), осыған байланысты жөнелтілген жолаушылар санының жоспарланған өсуі қаралып отырған кезеңде 9% құрайды.

2.2. Қаржылық көрсеткіштер

млн. теңге

	2002 ж.	2003 ж.	2004 ж.	2005 ж.
Кірістер	1448	1589	2271	2466
өткен жылға %	109	110	143	109
Шығыстар	1635	1890	2310	2576
өткен жылға %	93	116	122	112

1) К і р і с т е р

2003 және 2005 жылдарда бір қалыптан аса 9%-ға кәсіпорын кірістерінің көлемі өсу үрдісімен сипатталады. 2003 жылмен салыстырғанда 2004 жылы 43%-ға кірістердің өсуі авиатасымалдар көлемінің болжанып отырған өсуіне, сондай-ақ 2004 жылы әуежайда "Korean Air" авиакомпаниясының жүк әуе кемелерінің техникалық қонуының болжанған орындалуына байланысты.

Көрсетілген факторлардың салдарынан 2002 жылмен салыстырғанда кәсіпорынның реттелетін қызмет көрсетулерінен кірістердің екі есе өсуі болжанып отыр.

Әуежайға негізгі қызметке жатпайтын (авиациялық емес сипаттағы) қызмет көрсетулерді ұсынуға тыйым салатын монополияға қарсы заңнама талаптарының күші жойылу жағдайында кірістердің көрсетілген көлемдері өсуі мүмкін.

2) Ш ы ғы с т а р

Болжанып отырған кезеңге "АХӘ" ЖАҚ жиынтық шығыстарының үрдісі кірістері сияқты сондай әуежай арқылы авиатасымалдар көлемінің өсу және Қазақстан Республикасының экономикасы дамуының параметрлеріне сәйкес факторларынан (2004 жылы 22%, 2003 жылы 16%, 12%-ға және 2005 жылы тиісінше) өсу үрдісімен сипатталып отыр. 2005 жылы 57%-ға шығыстардың айтарлықтай өсуі 2001 жылмен

салыстырғанда Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкімен (JBIC) қаржыландырылатын әуежайды қайта жаңарту жобасының шеңберінде 2,569 млрд. жапон иенасы бағасымен техника және жабдық сатып алудан және 1,5 млрд. теңге сомасына ұшу-қону жолағының болжанып отырған қайта жаңартылуынан шығып отырған 548% мүлікке деген салықтың өсуінен туындап отыр.

- Жиынтық шығыстарын белгілейтін негізгі баптар мыналар:

- салықтар бойынша шығыстар 2003-2005 жылдарда шамасында 4% құрайды, салықтар бойынша кәсіпорын шығыстарының жалпы сомасынан ондағы 90% кәсіпорын теңгеріміне әуежай инфрақұрылымының қайта жаңартылған және салынған объектілерін қабылдауға байланысты мүлікке деген салықтың үлесіне түсіп отыр;

- амортизациялық аударымдар. Амортизациялық аударымдар тең есептеу әдісімен жүргізіледі және әуежайдың жиынтық шығыстары сомасынан 2004-2005 жылдарда 24-26% және 2003 жылы 20% құрайды. Осы үрдіс, ең басымен, алдағы тармақшада көрсетілген себептен болып тұр;

- кредиттер үшін сыйақы бойынша шығыстар жоспарланып отырған кезеңге жалпы шығыстар сомасынан 7-8% құрайды. Осы шығыстардың құрылымындағы айтарлықтай үлес Жапон халықаралық ынтымақтастық банкі заемының қаражатына түсіп отыр. Ол бойынша 2003 жылы сыйақы сомасы 35 млн. теңге, 2004 жылы 88 млн. теңге және 2005 жылы 117 млн. теңге сомасында болжанып отыр. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен "Астана халықаралық әуежайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны арасындағы 2001 жылғы 15 маусымдағы N ЯПО 001 п кредиттік келісімге сәйкес 4 424 400 000 жапон иені сомасындағы қаражат 7 жыл жеңілдік кезеңімен жылына 2,2% құрайтын сыйақы ставкасы бойынша 2028 жылға дейінгі мерзімге беріледі;

- ұсынылатын қызмет көрсетулермен қатар пайдаланатын материалдардың құны шығыстардың жалпы сомасынан 32% құрайды. 2002 жылы бір тоннасына бағасы 300 АҚШ долларын құрған авиация отыны осы шығыстардың негізгі бабы (шығыстар сомасынан 29%) болып отыр;

- еңбек төлеміне шығыстар (барлық аударулармен жалақы) жоспарланып отырған кезеңде барлық шығыстардың сомасынан 18% құрайды. 2002 жылдың деңгейімен салыстырғанда әуежай арқылы авиатасымалдардың өсуіне сәйкес еңбек төлеміне шығыстардың өсуі күтілуде.

Жоспарланып отырған кезеңде монополияға қарсы заңнаманың белгіленген талаптары шеңберінде кезең шығыстарының өсуі болжанып отыр. Бұл негізінен, JBIC қаржыландыратын жоба жөніндегі әуежайдың қайта жаңартылуына байланысты шығыстар өсуімен (амортизация, салықтар, кредит үшін проценттер) және жоспарланған жұмыстардың көлемі (35%) мен сипатының тиісті өсуінен шығып отыр. Егер өткен кезеңдерде әуежай арқылы авиатасымалдардың негізгі бөлігін жолаушылар тасымалы құрайтын болса, жоспарланған кезеңде күш-жігер кәсіпорын қызметінің

маркетингтік бағытына байланысты тиісті шығындардың өсуін талап ететін транзиттік жүк рейстерді тарту мен оларға қызмет көрсетуге бағытталған.

Жоғарыда көрсетілген факторларды және жоспарланып отырған кезеңге кәсіпорынның болжанған қаржылық жағдайын ескере отырып, әлеуметтік саланы дамыту жөніндегі іс-шаралар жоспарланған жоқ.

2.3. Маркетинг саясаты

Әуежай арқылы авиатасымалдар көлемінің өсуі және аймақта авиатасымалдардың тораптық орталығы болып тұрақталуы қазіргі уақытта негізгі маркетингтік мақсат болып табылады.

Пайдаланатын әуе кемелердің жиілігі және ең жоғары ұшу салмағы әуежайдың экономикалық жағдайына оң фактор болатын жүкті тасымалдау жөніндегі халықаралық транзиттік рейстер қазіргі уақытта әуежай арқылы авиатасымалдар көлемін өсірудің ықтимал көзі болып табылады.

Әуежайлық қызмет көрсетудің және авиация отынының бағасына жеңілдіктер беру Алматы, Ташкент, Омбы және Новосибирск қалаларының әуежайларының алдында басыңқы жағдайға ие болуда әуежай үшін негізгі шарт болып табылады. Әуежайлық қызмет көрсетудің құнын 58%-ға төмендетуді ұсыну 2003 жылдан бастап жоспарланып отырған Астана қаласының әуежайында Оңтүстік Кореяның "Korean Air" авиакомпаниясының жүк рейстерінің техникалық қону шарты болып табылады. Бірақ, осы жеңілдіктерді белгілеуге рұқсат беретін нормативтік актілердің жоқтығына байланысты осы талаптың орындалуы қиындық туғызып тұр. Бірақ, осындай жобалар кәсіпорын үшін экономикалық жағынан пайдалы. Орындалатын рейстердің жиілігі және пайдаланатын әуе кемелерінің ең жоғары ұшу салмағы көрсетілген жеңілдіктерді едәуір өтейді.

Аймақ арқылы жүкпен ұшуларды орындайтын шетелдік авиакомпаниялар өздерінің қызметін ірі одақтарда жүзеге асыратыны бәрімізге мәлім. Тиісінше, бір авиакомпанияны тарту одақтың қалған қатысушыларын тартуға да мүмкіндік береді.

Осындай жобалардың іске асырылу әсері кең ауқымды екендігін ескере отырып осындай транзиттік рейстердің және қолайлы бағалардың өлшемдеріне сәйкес және үздіксіз қажет көлемді авиация отынымен қамтамасыз ету механизмі қатысында икемді тарифтік саясат туралы ережені қамтамасыз етуде саланың мүдделі қатысушыларының біріккен іс-әрекеттері қажет. Осы мәселені шешілуі жеңілдіктерді ұсыну мүмкіндігін реттейтін тиісті нормативтік актілерді қабылдау жағдайында ғана мүмкін.

Кәсіпорынның белгіленген мақсаттарын іске асыру барысында әзірленудегі стратегия мынадай шаралардың кешенін де көздейді:

1) Әуежай үшін мемлекеттік деңгейде авиатасымалдарға жайлы жағдай жасау үшін қажетті шараларды іске асыру, соның ішінде:

- үкіметаралық келісімдер және оларға қосымшалар, сондай-ақ

авиакомпаниялармен келісімдер жасасу шетел авиатасымалдаушыларына қажет болғанда "әуе еркіндігінің" әртүрлі дәрежелерін пайдалануға коммерциялық құқықтарды ұсыну мәселесін қарау;

- әуежайды Қазақстан Республикасына шет елдерден әкелінетін жүктерді қабылдау пункттерінің біріне енгізу;

- әуежайда еркін экономикалық аймақ құру;

2) Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп авиация бизнесіндегі озат тәжірибені және жаңа технологияларды зерттеу және оларды енгізу мақсатында шет елдердің авиация өкімет орындарымен және ұйымдарымен ынтымақтастықты ұйымдастыру және кеңейту;

3) әуежайды пайдаланатын да, әлеуетті клиенттерге де қатысты агрессивті маркетинг стратегиясын жүргізу жолымен аймақта бәсекелестік тұғырды күшейту, мұның өзі ұшу жиілігі және пайдаланылатын әуе кемелерінің ұшу салмағы, электрондық бизнес және басқа өлшемдер бойынша алымдар мен тарифтердің икемді жүйесін бірінші кезекте әзірлеуді болжайды;

4) әуе кемелерінің техникалық қонуы үшін Қазақстан әуежайларының транзиттік әлеуетін қолдануға мүмкіндік беретін деңгейге дейін авиация отынымен әуежайды қамсыздандыруда оның бағасын төмендету мақсатында бәсекелестік орта құру үшін шараларды іске асыру;

5) халықаралық стандартқа сәйкес әуежайдың инфрақұрылымын құру;

6) оқытуды, әуежай жұмыскерлерінің біліктігін көтеруді және басқаларды қамтитын, әуе кемелеріне және жолаушыларға қызмет көрсету деңгейін үздіксіз жетілдіру жүйесін ұйымдастыру.

2.4. Тарифтік саясат

Кәсіпорынның әуе кемелеріне және жолаушыларға қызмет көрсету жөніндегі негізгі қызмет көрсетулері үшін алымдар ставкалары және тарифтер 1997 жылы белгіленген.

Бүгінгі күнге қолданылып жүрген алымдар ставкалары мен тарифтерді және оларды алу тәртібін өзгерту қажеттігі мынадай факторлардан туындап отыр.

1998-2001 жылдардағы кәсіпорын қызметінің қаржылық көрсеткіштерінің өзгерулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Ақмола қаласындағы әуежайды қайта жаңарту жобасын қаржыландыру үшін қаражат тарту жөніндегі шаралар туралы" 1998 жылғы 1 сәуірдегі және "Астана қаласындағы халықаралық әуежайды қайта жаңарту мен салу жөніндегі қосымша шаралар туралы" 1998 жылғы 29 маусымдағы N 610 қаулыларына сәйкес ең бастысы, әуежайдың қайта жаңартылуынан болып отыр.

"Табиғи монополиялар туралы" 1998 жылғы 9 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өкілетті органмен (Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі) бекітілген алымдар ставкалары және тарифтер қызмет көрсетуге қажет шығындардың құнынан төмен болмауы тиіс және табиғи монополия субъектісінің тиімді жұмыс

істеуін қамтамасыз етуге тиіс.

Қазіргі уақытта әуежайдың қолданылатын алымдар ставкалары мен тарифтерінде 1998-2000 жылдардағы әуежай инфрақұрылымының негізгі объектілерінің қайта жаңартылуына байланысты шығыстар (амортизациялық шығыстар, мүлікке салықтың өсуі, кредиттер үшін сыйақы жөніндегі шығыстар) ескерілмеген.

Әуежайлық алымдар мен тарифтерді "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қабылдауға байланысты Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 1-бабы 6-тармағының 5) тармақшасына сәйкес келтіру мақсатында монополияға қарсы ведомствоның 2002 жылғы 14 тамыздағы "Астана халықаралық әуежайы" РМК жердегі қызмет көрсету үшін әуежайлық алымдардың ставкаларын және тарифтерді қайта есептеу туралы" N 53-ОД бұйрығымен теңгелік баламада алымдар ставкалары мен тарифтер бекітілген. Осы бұйрықпен Ішкі тұрақты рейстерге алымдар ставкалары және тарифтер 1999 жылғы 1 сәуірге деген бағам бойынша (87,5 теңге), басқа рейстерге, соның ішінде ХӘЖ - Ұлттық Банктің 2002 жылғы 14 тамыздағы бағамы бойынша (154,1 теңге) есептелген.

Астана қаласы әуежайындағы алымдар ставкалары мен тарифтері

Көрсеткіш атаулары	1997-2001		2002 жылы		2003-2005	
	жылдарға	бекітілген	бекітілген	тариф,	болжанған	тариф,
	тариф, АҚШ	теңге	теңге	теңге	теңге	теңге
	доллары					
	ХӘЖ	ІӘЖ	ХӘЖ	ІӘЖ	ХӘЖ	ІӘЖ

Ұшу - қонуды		қамтамасыз				
ету	10,0	10,0	1541	875	1679	1679
Авиациялық		қауіпсіздікті				
қамтамасыз ету, %	15	15	15	15	19,8	19,8
Жолаушыларға		қызмет				
көрсету	12,0	6,0	1387	525	3462	1391
Қарсы		алу - шығаруды				
қамтамасыз ету	2,0	2,0	308	175	512	512
ӘК		қамтамасыз				
ету	41,0	41,0	6318	3588	6582	6582
Техникалық		қызмет				

көрсетуді қамтамасыз ету	5,0	5,0	771	438	1252	1252
Жүк өңдеу	130,0	104,0	12059	10977	15844	13122

Тұрақты ішкі тасымалдарды орындайтын авиакомпаниялардың әуе кемелеріне қызмет көрсетуге төлем 20% мөлшеріндегі шегеріммен алынады және 87,5 теңге мөлшеріндегі белгіленген бағам қолданылады, нәтижесінде кәсіпорынның толық алынбаған кіріс сомасы 2001 жылы 213 млн. теңгені құрады және 2002 жылы 258 млн. теңге

сомасында болжанып отыр. 20% ставкаларды төмендету және белгіленген бағамды (мың теңге) қолдану нәтижесінде түсіп қалатын кірістің сомасы.

Көрсеткіштер	2000 жыл	2001 жыл	2002 жыл
Кірістер	1 252 698	1 332 923	1 426 794
Таза табыс	- 288 664	- 425 974	- 193 104
Түсіп қалатын кірістер	160 791	213 253	257 927
с о н ы ң	і ш і н д е :		
а) белгіленген қолданудан	118 992	159 035	189 984
б) 20% жеңілдік ұсынудан	41 799	54 218	67 943

Жүк тасымалдау жөніндегі халықаралық транзиттік рейстер авиатасымалдар көлемі өсуінің және әуежайдың экономикалық жағдайына оң ықпал етуінің әлеуетті көзі болып табылатын, оларды орындау жиілігінің және пайдаланатын әуе кемелердің ұшу салмағының әсері оларды тарту үшін талап етілетін шегерімдердің сомасын өтейді. Қазіргі уақытта әуежай арқылы авиатасымалдардың барлық көлемінің 75% құрайтын ішкі тұрақты тасымалдар үшін көрсетілген шегерімдер мен жеңілдіктерді қолдануға байланысты әуежай үшін осы шартты орындау қиындық туғызып отыр.

Осыған байланысты, кәсіпорынның тиімді қызметіне қол жеткізу үшін авиакомпаниялар және әуежайлар үшін тең жағдайларға қол жеткізу қажет.

Берілген факторларды ескере отырып, 2003-2006 жылдарға әуежайдың тарифтік с а я с а т ы н д а :

- монополияға қарсы заңнамаға сәйкес жерде қызмет көрсету үшін қолданыстағы әуежай алымдарының ставкалары және тарифтерін өзгертуді;

- монополияға қарсы заңнамамен белгіленген шегерімдерді алып тастау мақсатында тиісті шаралардың іске асырылуын және әуежай арқылы тасымал көлемін ынталандыру мақсатында икемді баға белгілеу қағидатының орнатылуын іске асыруды қарастыру қажет. Әуежайдың тиімді және залалсыз қызметіне қол жеткізу үшін әуежай үшін Экономикалық жағынан мақсатқа сай болуын негізге ала отырып, қолайлы шегерімдер

